

## Тіл арқылы этномәдени кодтарды ашу

Ел тарихындағы егемендік, онымен сабақтас жаңғыру кезеңдері мен жаһандық бәсеке қоғамдық өмірдің барша салаларына соңы тыныс әкелді. Осымен байланысты қалыптасушы қоғамдық сана мен саяси-әлеуметтік өзгеріс-терді, кез келген мемлекеттің әлем тоғысындағы қарқынды даму әрекеттерін адам факторынан тыс қарау мүмкін емес. Ал адам жанының рухани-әлеуметтік жаңғыруының айнасы, әрекеті мен әрекеттесуінің, ғаламдасуының тиімді құралы – тіл. Оның себебі – тіл арқылы ұлт болмысын анықтайтын мәселелердің мазмұны мен түйін-дәйектері ұлттың мәдени кодында астарланған. Ал мәдени кодты ашудың кілті – лингвомәдени таңбаға салынған ақпараттарды аша білу.

Осыған орай, біріншіден, ұлттық рухты жаңғыртып, ұлттық мәдениетті тану мен танытуда соның бір жолы тіл арқылы рухани-мәдени мұрамызды ежелден келе жатқан тәжірибе негізінде қорытып, тарихи қызметін саралап, қайта бағалауға бағытталған кең арналы терең зерттеулердің қажеттілігі туындап отыр. Мысалы, кез келген этно-мәдени атау белгілі бір затты атап қана қоймай, ұлттың өзіне тән дүниетанымдық ерекшелігіне сай туын-даған бұйымды дәйектейді.

Себебі сол сөздердің мазмұнында айшықталған халықтың басынан кешкен тарихы, бүкіл рухани және дүнияуи мәдени байлығы, болмысы, дүниетанымы мен әдет-ғұрпы, салт-санасы, т.б. ұлттық ұжымда, сол тілде сөйлеуші ортада қалыптасып, тілінде сақталады. Бірақ сөз – заттың тура таңбасы емес, дүниенің тікелей бейнесі емес, адамның я белгілі бір ұлттық ұжымның дүниені тануы мен күнделікті тұрмыс пен еңбек тәжірибесі барысындағы архетиптік тілдік санасында, тілдік шығармашылық процесс нәтижесінде туған бейнесі.

Сөз қазынасының ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қызметі қазақ ұлты-ның этностық табиғатына сай мәдени-танымдық ерекшеліктерін бойына сіңіріп, қазақы шындық болмысты жинақтайды. Демек, тіл ақиқатты сезіну, қабылдау тәсілдерінің бірі ретінде бір ұжым мүшелерін тек тілдік жағынан ғана емес, мәдени-танымдық жағынан да өзара жақындастырады. Соның аясында ұлттық санада құрылымдалған дәстүрлі дүниетаным мен руханият жүйесі оларды таңбалаған тілдік бірліктердің (фразеологиялық, паремиологиялық, прецеденттік тіркестерде, этнолексикада, т.б.) мазмұны кешенді зерттеу негізінде жаңғырып, «кілті» ашылады.

Бұл арада тілдің тек коммуникативтік емес, кумулятивтік (мұрагерлік) қызметіне сай тұтастырушы, ұластырушы, жаңғыртушы қызметінің маңызы ерекше. Соның негізінде ата-бабаларымыз ғасырлар бойы ұлттық тәрбиенің

мұраты ретінде дәріптеп, белгілеген, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан, ұлттық мәдениеттің өзегін құрайтын қастерлі ұғымдарды белгілейтін заттық мәдениет пен рухани-мәдениеттің түрлері тілдік қазынамызда сан түрлі тілдік құралдармен айшықталған. Олардың мәніне тереңдеп, табиғатын тану қазіргі қоғамдық сана мен мәдениеттің бүгінгі деңгейіне сабақтастыруды мақсат ететін мемлекеттік рухани жаңғыру бағдарламасының ғылыми-танымдық, ғылыми-әдістемелік негізін құрайды.

Осыған орай, ел боламыз деген жұрттар өзінің ұлттық болмысын, елдігін сақтау үшін осы тектес ұлттық құндылықтар дүниесін түгендеп, оның мән-мазмұнын, қадір-қасиетін бағалайтын рухани-танымдық зерттеулер мен алуан түрлі іс-шаралар жүргізуде.

Белгілі тілші-ғалым Н.Уәлидің пікірінше, жаһандану кезеңіне тән жағымсыз сипаттың бірі ретіндегі ұлттық сана сезімінен алшақтап, ұлтсызданған сана, тобырлық мәдени сана т.б. көрінісі тіл тәрбиесі осал, тілді игеру деңгейі төмен ортада қалыптасады. Осы мәселелердің өзектілігін ерекше түсініп, тіл арқылы рухани дүниені жаңғырту мәселесін жан-жақты зерттеуге атсалысып жүрген қазақ тіл біліміндегі ғалымдардың ішінде Н.Уәли мен З.Ахметжанованың еңбектері жүйелілігімен, ғылыми-танымдық мазмұнының тереңдігімен ерекшеленеді. Олар қалыптастырған мектептің зерттеулері лингвомәдени білім жүйесіндегі рухани кодтарды ашуда мәдени танымдық құзыреттілігімен сипатталады.

Осы зерттеулердің нәтижесі тілдің тек коммуникативтік құрал емес екенін, тілде екі түрлі білімдер жүйесі бар екенін көрсетеді. Оның біріншісі, тілдік білім, яғни тілдің лексика-фразеологиялық жүйесіндегі мағыналар. Олар – этномәдени тілдік ұжымның санасында ғасырлар бойы қалыптасқан білімнің айрықша түрі.

Екіншісі, тілдік емес, дәстүрлі білімдер жүйесі (халықтық білім).

Білімнің бұл түрі – этностың (халық, ұлт) өмір тәжірибесінен ғасырлар бойы жинақталған, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан этнос санасындағы дәстүрлі дүниетаным. Бұл білім тілдік емес деп аталғанымен, ол ұжымдық санада тіл арқылы сақталған. Лингвомәдениеттанушы бұл жерде тілді емес, тілдік дерек арқылы сақталған ақпаратты пайдаланады. Демек, ұлт болмысын тұтас тануда лексика-фразеологиялық бірліктердің лингвистикалық сипатын ашатын жалаң тілдік білім жеткіліксіз болып, олардың мағынасындағы мәдени танымды ашудың маңызы артады.

Мысалы, зерттеуші Н.Уәли «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» деген фразеологиялық тіркестің мәдени семантикасын былайша ашады: Бұл біріншіден, образбен шегенделген дүниетаным. Оның тура мағынасы экономикалық, рухани, экологиялық (табиғат балансы сақталған) заман.

Екіншіден, оның сипаттаушы мазмұны: молшылық (ақтылы қой, алалы жылқы, т.б.); мамыражай тыныштық; дау-дамайсыз; (Тәуке хан заманындағы үш би – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би қызметі); береке-бірлік.

Жалпы, бейнелеп айтып, бейнелеп сөйлеу қазақтың сөз өнерінде, салт-дәстүрінде, жұмбақтарында, шешендік сөздерінде кеңінен қолданылған тәсіл екені белгілі. Осымен байланысты, мысалы, жаугершілік заманға сай халық

басындағы қилы-қилы хал-ахуалдар мен хандық билік аясындағы түрлі әлеуметтік-саяси жағдаяттарға куә болып, ортасында жүрген жыраулар поэзиясында астарлап айту, тұспалдап сөйлеу сөз мәдениетін жаңа деңгейге көтерген. Көшпенді мәдениеттің өрісіндегі қоршаған табиғаттың флорасы мен фаунасы, ландшафттың ерекшелігін өздерінің таным көкжиегіне сай теңеп кейіптеуі тұтас көркемдік-рухани әлем кеңістігін, жүйесін қалыптастырды. Бұл, айналып келгенде, өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде санайтын көшпенді мәдениеттің негізгі қағидасы.

Сондықтан қазақ тұрмысын бейнелеген ақын-жыраулардың шығар-маларында олардың мәдени коннотациясы жиі кездеседі:

Елбең-елбең жүгірген,

Ебелек отқа семірген,

Құладың құстың құлы еді,

Тышқан жеп жүнін түледі, т.б.

Демек, бұл атаулардың этномәдени кодын ашу үшін олардың тек фитонимдік, орнитонимдік т.б. ақпараттарын, яғни ғылыми кодын ашу жеткіліксіз. Ол үшін, мысалы, «Ебелек оттың семіртетінін», «Құладыңның текті құс еместігін», т.б. күнделікті тұрмыс тәжірибесінде таныған кәсіби таным да керек.

Табиғатпен астас өмір кешкен көшпенді мәдениеттің өкілдері ретіндегі ата-бабаларымыздың өмірі мен тұрмысында, қоғамдық-әлеуметтік, тәрбиелік, тағы басқа сөз қызметінің мәні ерекше болғанын рухани құндылықтарымыз бен асыл қазыналарымызда сөзді өнер деп таныған дүниетанымдық пайымдарынан көреміз: өнер алды қызыл тіл; сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді; сөздің майын тамызды; сөздің тиегін ағытты; сөз тапқанға қолқа жоқ; сөзі қамшы болды; сөзі мірдің оғындай; сөзі түйеден түскендей, т.б. сөз тіркестері сөз қуатын, сөз ажарын, сөз қызметін айшықтап, соған сәйкес сөздің түрлерін де жіктеп атаған: ақтық сөз, аталы сөз, басалқа сөз, бос сөз, бірауыз сөз, жел сөз, жылы сөз, т.б.

Демек, қазақ танымында сөзге (тілге) ерекше мән беріліп, сөз мазмұнының жан-жақты толық сипаты қазақ өмірінде алуан түрлі күрделі істердің күрмеуін шешкенін мәдени-тарихи мұраларымыз дәлелдеп отыр. Соның нәтижесінде билердің, шешендердің сөздеріндегі қазақтың сөз құдіретін, сөз әлеуетін қазақ болмысынан тыс қарауға болмайтыны айқын көрінеді.

Сондықтан да жыраулар поэзиясында астарлап айту, тұспалдап сөйлеу, көшпенді мәдениеттің таным көкжиегіне сай теңеп, кейіптеуі тұтас көркемдік рухани кеңістігін қалыптастырған:

Ел жағалай қонбаса, Бетегелі бел ғаріп;  
Хандар киген қамқа тон, шүберек болар тозған соң;  
Сақ етер тиді саныма, сақсырым толды қаныма;

Жүрген аяққа жөргем ілінер; Айылын жимады; Дөнен қымыз; Бесік құда; Қанжығаға байлады; Жығасы жығылды; Жарғақ тон; Пұшпағы қанамаған, т.б.

Осы сипаттағы лингвокультуремалар мен этнографизмдер, одан туындайтын тұрақты тіркестердің түп-тамыры ұлт санасында тұрақты түрде сақталып, этномаркерлік деңгейге жеткен таңбалардан бастау алады.

Олар (тілде қалыптасқан символ, бейнелі сөз, эпитет, метафора, метонимия) ақпаратты жеткізу, яғни коммуникативтік, ақпаратты қабылдау (прагматикалық), сипаттаушы, белгілеуші, бағалаушы, жалпылаушы қызметтерді атқарады.

Осындай тілдік мұра арқылы ұлтты, ел мәдениетін барынша толық таны-тудың негізгі бір тетігі – ұлттық әлемнің тілдік үлгісін жасау, ұлттық мәдениеттің кілтін ашу.

Қазіргі таңдағы тәуелсіз Қазақстанның өткенін сараптап, болашағын бағдарлайтын Үшінші жаңғыруға сәйкес халықтың тарихы мен мәдениетін мәңгілікке ұластырып, жетілдіріп, кемелдендіріп отыратын төл мәдениетінің қазынасын заманнан-заманға этнотаңбалық ақпарат түрінде жеткізіп отырған, рухани-мәдени мұра үлгілерінің арқауы болған сөз өнері мен айшықты тілі арқылы көркем ойлау жүйесінің танымдық деңгейін игеру аса маңызды.

Тәуелсіздік пен жаһандану тоғысқан қазіргі күрделі заманда егеменді елдің өсіп-өнген тамырын тауып, біртұтас елдігін қалыптастырып, басын біріктірген түпқазығы ретіндегі тілдің қызметін тану – ұлттық сананың заманауи даму деңгейіне сай туындап отырған рухани-әлеуметтік мүдде талабы.

*Жамал Манкеева,*

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі  
институтының бас ғылыми қызметкері,  
филология ғылымдарының докторы, профессор*